

"Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 12 қазандағы 18-02/908 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2020 жылғы 22 желтоқсандағы № 329 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 25 желтоқсанда № 21920 болып тіркелді

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2020 жылғы 8 шілдедегі № 215 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12266 болып тіркелген, 2015 жылғы 26 қарашадағы "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалану қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Мемлекеттік орман қоры учаскелерін ғылыми-зерттеу мақсаттарында пайдалануға орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті органмен (бұдан әрі – уәкілетті орган) келісілген ғылыми-зерттеу жұмыстарының бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылатын, орман табиғаты мен оның компоненттерін тану, соның негізінде жаңа техника жасауды қоса алғанда, орман ресурстарын күзету, қорғау, молықтыру және ұтымды пайдалану жөнінде тәсілдер, әдістер және технологиялық процестер әзірлеу үшін кешенді және мамандандырылған (ботаникалық, зоологиялық, орман өсіру, орман-патологиялық, топырақтану және басқа да) ғылыми зерттеулер мен экспериментальдық жұмыстар (бұдан әрі – ғылыми-зерттеу жұмыстары) жүргізу, сондай-ақ мемлекеттік орман қоры аумағында орналасқан өзге де табиғи объектілерді зерделеу жатады. Ғылыми-зерттеу жұмыстары шеңберінде өсімдіктер мен жануарлар дүниесі ресурстарын дайындау мен пайдалану мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы болған кезде биологиялық негіздемеге сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік орман қоры учаскелерінде, судың жай-күйіне әсер ететін су қорғау аймақтары мен белдеулерінде жүргізілетін экспериментальдық жұмыстарды орман пайдаланушылар су қорын пайдалану және қорғау, сумен жабдықтау және су бұру саласындағы уәкілетті органның аумақтық органдарымен келісім бойынша жүргізеді."

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы бұйрықтың 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Экология, геология және табиғи
ресурстар министрінің міндетін атқарушы*

Е. Нысанбаев